

6. Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері.- Алматы.2011.-178б.
7. Жұмбаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1998. – 112 б.
8. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. - М.:НИИ школьных технологий. - М.: 2006. – 816 с.
9. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология: теория, история, практика: Монография. – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГУ, 2000. - 324 с.
10. Разумова С.Н. Критическое мышление в начальной школе. //Инфоурок: библиотека материалов. 2015 г. <https://infourok.ru/kriticheskoe-mishlenie-v-nachalnoy-shkole-433712.html>

МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.71>

Г.Б.Ракишева¹, М.Маты², М.А.Кененбаева³

¹²³Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Павлодар қ, Қазақстан

ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын тудыру тәсілдері мұғалім тәжірибесінен өтіп, жақсы көрсеткіш көрсеткен әдіс-тәсілдері баяндалған. Сыртқы уәж бен ішкі уәждің айырмашылығы мен түсінігі жазылған. Мотивациялау процесі кезінде мадақтаудың түрлері көрсетілген. Сонымен қатар, уәжді арттыратын және уәжді түсіретін факторлар ұсынылған. Бұл тәсілдерді тәжірибеде қолданып, оқушының әсері және бойындағы өзгерістері туралы жазылған. Оқу процесі кезіндегі мотивация бойынша зерттеудің алғашқы күндерінің және зерттеуден кейінгі туындаған мәселелері, мақсаты, жаңа әдіс-тәсілдері мен нәтижесі көрсетілген. Осы зерттеу барысында әр оқушы мотивациясының туу кезеңінде оқушы пән бойынша тақырыпты меңгеріп, сабақ мақсатына жетудің бір жолы зерттеліп, анықталды. Сонымен білім сапасының артуы сынып жетекшісі үшін және пән мұғалімі үшін де маңызды роль атқарады. Оқушылардың бағыттары анықталды. Оқушылар бағыт бойынша конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болғаны көрсетілген. Мұғалім үшін де оқушы үшін де уәжді тудырып алғаннан кейін оң өзгерістер дәлелденді.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, сыртқы уәж, ішкі уәж, ынта, қызығушылық, әдіс-тәсілдер, кері байланыс, бағалау, білім сапасы, көрсеткіші.

G. B. Rakisheva¹, M. Maty², M. A. Kenenbaeva³

¹²³Pavlodar State Pedagogical University
Pavlodar, Kazakhstan

METHODS OF FORMING MOTIVATION OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN IN THE COURSE OF EDUCATION

Abstract

The article describes how the motivation of elementary school students went through teaching experience and demonstrated good results. The difference between an external motive and an internal motive is described. In the process of motivation, types of rewards and requirements for pedagogical incentives are summarized. Using these approaches, the student's influence and change is recorded. The goals, new approaches and the results of the first days of research and post-research problems of motivation in the learning process are shown. Thanks to this study, using the motivation of each student, one of the ways in which the student mastered the subject and determined the way to achieve the goal of the lesson was

investigated. In improving the quality of education for a class teacher, it also played a role for the subject teacher. Defined orientation on students. It was shown that students participated in competitions in the direction and won prizes. Positive changes were observed after the motivation had been formed for both the teacher and the student.

Key words: elementary school, external motivation, internal motivation, motivation, interest, feedback, assessment, quality of education.

Г.Б.Ракишева¹, М.Маты², М.А.Кененбаева³

¹²³Павлодарский государственный педагогический университет
г. Павлодар, Казахстан

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ МОТИВАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье описывается, как мотивация учащихся начальной школы прошла через педагогический опыт и продемонстрировала хорошие результаты. Разница между внешним мотивом и внутренним мотивом описана. В процессе мотивации обобщаются виды поощрений и требования к педагогическим стимулам. Используя эти подходы, влияние и изменение ученика записывается. Показаны цели, новые подходы и результаты первых дней исследований и пост-исследовательских проблем мотивации в процессе обучения. Благодаря этому исследованию, с помощью мотивации каждого учащегося, был исследован один из способов, которым ученик освоил предмет и определил способ достижения цели урока. В повышение качества образования для классного учителя также сыграло свою роль для учителя-предметника. Определена ориентация на учащихся. Было показано, что ученики участвовали в конкурсах по направлению и занимали призовые места. Положительные изменения наблюдались после того, как мотивация была сформирована как для учителя, так и для ученика.

Ключевые слова: начальная школа, внешняя мотивация, внутренняя мотивация, мотивация, интерес, обратная связь, оценка, качество образования.

Қазақстан Республикасының мектеп оқушылары 2016 – 2017 оқу жылынан бастап жаңартылған білім мазмұны жағдайында білім алып келе жатыр. Жаңа бағдарламаға сай оқушылардың білім сапасының көрсеткіші пайыз түрінде көрсетіледі. Сондықтан оқушылар күнделікті баға алмаған кезден бастап, оқуға ынтасы төмендеді.

Зерттеу жасау барысында, бізде бұрын бастауыш сыныптарында оқыған оқушылардың негізгі мектепке барғанда білім дәрежесі төмендегенін байқадық. Оқушылармен әңгімелесе келе, жалпы орта білім беру мектептердің жоғарғы және орта буын сыныптарында кейбір оқушылардың ішкі уәждің болмауынан (барлық оқушы білімі күнделікті бағаланбау, күнделіктің қағаз күнделік емес, онлайн түрде болуы, т.с.с.) оқушылардың оқуға деген ынта, қызығушылығы төмен көрсеткіш көрсетті.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын бүгіннен бастап қолға алу керек. Себебі, оқушының мотивациясын тудырмай, оқушы қызығушылық танытпай, пәнді түсінбейді және жақсы көрмейді. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мақсатымыз – оқушының пәнге деген мотивациясын тудырып, ынтасын арттырып, білім сапасы көрсеткішін жоғары дәрежеге жеткізу.

Француз жазушысы Анатоль Франс кезінде «Тамақ тек зор тәбетпен ішкенде ғана сіңеді», - деген екен. Оқу мотивациясы дәл осы сияқты білімге, білуге, үйренуге деген «тәбет» [1, б. 57].

Пәнге деген тәбетін ашу үшін оқушының мотивациясын тудыруды талап етеді. Мотивация (уәж) – әр үйренушінің білімге деген қажеттілігі мен мұқтаждығы, құлшынысы мен ұмтылысы, ынтасы мен көңілі, қызығушылығы мен құмартушылығы, оның білім процесінде алдына қойған мақсаттары мен мүдделері. Педагогикалық зерттеулерде мотивацияның екі түрі қарастырылған.

1) Сыртқы уәж

2) Ішкі уәж [2, б. 33].

Сыртқы уәжді (оқушыға сырттан әсер ететін факторларға негізделген) арттыруға арналған тәсілдер жағысды мінез-құлықты нығайтып, кері тәртіпті шектеуді қамтамасыз ету мақсатында кері байланысты (соның ішінде мадақтау мен кінәләуді) қолдануды көздейді [3, б. 12].

Екінші қырынан алғанда, ішкі уәж іштен шығып жатады немесе жеке тұлғаның өзінен туындайтын, бастау алатын уәж, әдетте сыртқы уәжге қарағанда бұл анағұрлым рақымды, ізгілікті табыс деп есептеледі (Hunt, 1969/1971 cited Walford, 2003) [3, б. 13].

Ішкі уәж туралы ойларды дамыта отырып, Э.Дици алғашында Р.Уайт пен Р.Чармсон көрсеткен сезімнің екі түрін пайдаланған өз-өзіне деген сенімділік және өзін-өзі тану. Сенімділік сезімі – өз мүмкіндіктеріне деген сенімділік, «мен білемін, мен істей аламын», - деген сезім [4].

Зерттеуші В.И.Чирков өзінің көптеген зерттеулерін негізге ала отырып, ішкі және сыртқы уәждің ерекшеліктерін салыстырған. Нәтижесінде, ішкі уәжде сыртқы уәжге қарағанда, жұмысты орындауға деген мүдде тұрақты және ұзағырақ болады екен, адамдар өздеріне қиын мақсаттар таңдайды, дәстүрлі емес тәсілдерді қажет ететін шығармашылық жұмыстарды жақсы орындайды. Ішкі уәжі жоғары адамдардың әрекеттері жоғары креативтілікпен сипатталып, қанағат және қуаныш сезімдерімен сүйемелденеді [5, б. 15].

Кесте 1 – сабақ барысында оқушылардың уәжін өсіретін және өшіретін факторларының салыстырма кестесі ұсынылған [6, б. 16].

Уәжді өсіретін факторлар	Уәжді өшіретін факторлар
түрлі оқыту мен оқу әдістерін пайдаланатын белсенді мұғалім	негізінен өзі сөйлейтін немесе дәріс оқитын
оқушыны қамтитын белсенді тапсырмалар	аз ғана оқушы қатысатын немесе мүлде қатыспайтын тапсырмалар
белгілі бір мағынасы бар және осының алдында өткен тақырыппен байланысты жаттығулар	айқын емес, түсініксіз және осының алдында өткен тақырыптармен байланыспайтын жаттығулар
сабақтағы жаттығулардың күрделілігі тиісті деңгейде және барлық оқушылар орындай алатын етіп сараланған	сабақтағы жаттығулар сараланбаған және басында орындау тым қиын немесе қабілеті жоғары оқушылардың қабілеттері ескерілмейді
оқыту мен оқудың сан алуан әдістері қолданылады сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжау мүмкін емес	оқыту мен оқу әдістерінің аз ғана түрі қолданылады – сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжап білуге болады
оқушыларға «ойлануға» уақыт бере отырып, сабақ қарқынын өзгерту	сабақтың қарқыны өте жылдам/баяу және оқушыларға «ойлануға» уақыт берілмейді
әр оқушыға жеке қолдау көрсету	оқушылар мұғалімнен көмек күтеді
көп мақтау және мұғалімнің дене қимылдарын, ымдап тиімді қолдану	мақтау айтылмайды және мұғалім дене қимылдарын, ымды тиімді қолданбайды
оқушылар сабақ мақсатын және өздерінен не күтілетінін біледі	оқушылар сабақ мақсатын және өздерінен не күтілетінін білмейді

Оқушылардың уәжін өсіретін немесе өшіретін факторлар тікелей мұғалімге байланысты. Сондықтан оқушының уәжін өсіретін немесе өшіретін факторларды ескеру керек деп жөн санаймыз.

Оқушылар 1-сыныптың 4-тоқсанында математика пәнінен 4С «Күнделіктегі өмірдегі есептеулер» бөлімінде «Монеталар, баға» деген тақырыбын өткен кезде мәселе туындады.

Бұл тақырып бойынша туындаған мәселе: оқушыларды ата-аналары дүкенге бір зат сатып алу үшін жұмсаған кезде немесе оқушы өзіне ұнайтын бір зат сатып алған кезде тауардың бағасы қанша тұратынын біледі, бірақ сол затты сатып алу үшін қанша және қандай монета жұмсалатынын санай алмайды. Артық немесе кем бермес үшін оқушылар заттың бағасына қанша монета жұмсайтынын білмейді.

Мәселені жою алдында алға қойылған мақсат бұл әр оқушы дүкенге барған кезде тауардың қанша тұратынын біле отырып, затты сатып алу үшін қанша монета, ақша беретіндігін ойланып, санатып үйрету. «Дүкен» ойыны кезінде дағдыландыру.

Сабақ процесі кезінде мақсатты орындауда оқушылардың қызықтыру үшін тиімді шешім: оқушылармен бірге сабақта «Дүкен» ойынын ойнаймыз. Ойында жұппен жұмыс жасалады. Себебі

ойында сатушы мен сатып алушы болу керек. Дүкеннің түрлері болады: азық-түлік дүкені, кеңсе тауарлары, ойыншықтар және т.б. Дүкен ойынына қойылған заттардың барлығы қорап немесе макет түрінде болу қажет. Мұғалімінің басшылығымен дүкенде сатылатын заттың барлығын оқушылар бір-бірімен ақылдасып әкелді. Дүкен ойынында сатылатын заттың барлығы жалпы өмірімізден алынған дүкенде қойылатын бағалар жазылады. Яғни бағалардың барлығы шынайы болу керек. Мысалы, пиала шайы 250 гр 1 данасы – 450 тг, «Colgate» тіс пастасы 50 мл – 180 тг, шар 1 дана – 50 тг т.с.с.

Ескерту: дүкен ойынында оқушылар жақсы көретін немесе жиі қолданатын (шоколад, қалам т.с.с) заттарды немесе анасы шай, сүт тағамдарын қойған дұрыс болады. Себебі өмірдегі қолданысқа қажет ететін жағдайда болғандықтан алда қолдана алады. Сонымен қатар оқушы дағыланады. Бұл тақырыпты толық меңгеру мақсатында уәжді тудыру барысында мұғалім оқушылармен бірге асханадан буфеттік тағамдарды сатып алуды үйренді.

Сонымен дүкен ойынының барысында мынадай нәтижеге қол жеткіздік. Дүкен ойынын ойнау кезінде тақырыпты меңгерді. Оқушылар дүкен ойынында сатушы заттың бағасына сай монетасын алып қалып, қайтарылым ақшаны санауды үйренді. Сатып алушы заттың құнын біліп, 1 дана және 2 дана сатып алған кезде қанша монета беру керек екенін түсінді. Сатушы қанша қайтарылым ақша қайтарылатынын білді. Ата-аналармен кері байланыс жүргізе отырып, мақсатымызға жеткенімізге көз жеткіздік. Себебі оқушылар ата-анасымен дүкенге барып сатып алушы ретінде заттың бағасын біліп, монетаның саны мен түрін дұрыс қолданды.

Оқушылар егер дүкеннен 1 қалам сатып алу үшін 9 теңге жұмсайды, ал егер 2 немесе 3 дана алу үшін қанша ақша жұмсайтынын білмейді. Сондықтан оқушы міндетті түрде көбейту кестесін меңгеру керек.

Оқушылар 2-сыныптың 3-тоқсанынан бастап 3В бөлімінде көбейту мен бөлуді меңгереді.

Көбейту/бөлу кестесін меңгеру тақырыбында туындаған мәселе бұл оқушылар дәптердің соңғы бетіндегі көбейту/бөлу кестесін жаттағылары келмейді.

Оқушының көбейту кестесін жаттауға қызығушылығы жоқ, құр жаттаған қызықсыз, яғни оқушының уәжі төмендейді.

Алға қойылған мақсатымыз оқушылардың көбейту/бөлу кестесін жаттауда, сыртқы уәж арқылы оқушыларға оң әсер етіп, әр оқушының ішкі уәжін ояту.

Мақсатқа жету жолында мәселені шешу жолдары «Locі» әдісі (орын әдісі) – есте сақтағыңыз келетін ақпаратты танымал жерлермен байланыстырып елестетуге негізделген ең белгілі мнемоникалық әдіс болып табылады. Осылайша, біз өзіміздің шәкірттерімізге көбейту/бөлу кестесін жылдам жаттауға үйреттік.

Ескерту: міндетті түрде көбейту/бөлу кестесі суретпен, түрлі-түсті болсын, себебі оқушының жанарын аулайтындай, әрі қызықтыратын болуы қажет.

Сонымен көбейту кестесін оңай, орташа және күрделі болып үшке бөлдік. Ол, жатталу деңгейіне байланысты болып табылады. Оңай - 2, 3, 5-тің көбейту кестелері, орташа - 4, 9 – дың көбейту кестелері, күрделі - 6,7,8 - көбейту кестелері. Оқушылар жылдам жатталатын көбейту/бөлу кестесін, яғни 2 мен 3-ті қонақ бөлмеге іліп қойды. Себебі қонақ бөлмеге адам сирек кіреді. Сонымен қатар, 2 мен 3-тің көбейту кестесі оңай болып табылады. Оқушылар орташа жатталатын көбейту кестесін, яғни 4 пен 9-ды жуынатын бөлмеге іліп қойды. Өйткені 4 пен 9 орташа оңай жатталады. Оқушылар баяу жатталатын көбейту кестесін, 6,7,8-ді ас үйге және жатын бөлмеге іліп қойды. Себебі ас үй мен жатын (өз) бөлмеге адам жиі кіреді. Яғни адам күніне 5-6 рет тамақтанады немесе су ішеді, ал таңертең оянғанда немесе кешке ұйықтар алдында көбейту кестесін жаттап, қайталайды. Нақтырақ айтсақ, оқушылар ас үйдегі тоңазытқыштың есігіне 6-ның және үстел маңындағы қабырғаға 7-нің, ал жатын бөлмедегі төсектің қабырғасына 8-дің көбейту кестесін іліп қойды.

Ескерту: оқушының үйіне берілген көбейту кестесі түрлі-түсті, әрі әдемі, яғни оқушының көз жауын алатындай болуы қажет.

Алынған нәтиже «Locі» әдісі арқылы көбейту/бөлу кестесін жаттаған кезде оқушылар жалықпай қайта қызығушылықпен жаттап алды. Бұл әдіспен тек қана көбейту/бөлу кестесін ғана емес кез келген ереже болсын, өзге тілді үйренген кезде тиімді әдіс ұсынамыз.

2-сыныптың 3-тоқсанында жаратылыстану пәнінен «Жер және ғарыш» бөлімінде алуан түрлі ғаламшарлар тақырыбын өттік.

Өткен тақырып бойынша туындаған мәселе бұл сабақ барысында суретті аудио, видео және көрнекіліктер болғанымен, оқушылар ғаламшарлардың аттарын шатастырып, есте сақтап қалуда қиындыққа тап болды.

Мәселені жою алдында алға қойылған мақсатымыз оқушылар жер және ғарыштардың аттарын, орналасуын есте сақтау үшін және оларды шатастырмас үшін, оқушылар ғаламшарды өз қолдарымен жасатып, қызықтыру керек.

Сабақ процесі кезінде мақсатты орындау барысында оқушылардың уәжін тудыру үшін өте тиімді жол табылды. Оқушылар өз қолдарымен күн жүйесін жасады. Күн жүйесін жасау үшін А4 форматтағы қара түсті картон қағазы және ермексаз керек. Ең алдымен А4 форматтағы картонға ермексаздан күнді илеп, дөңгелетіп жасадық. Күн бұл ең үлкен жұлдыз. Күнді жасау үшін сары мен қызыл ермексазды араластырдық. Күнге жақын ең бірінші және ең кішкентай ғаламшар Меркурий. Меркурий ғаламшарын біз қоңыр, қара және ақ ермексаздан кішкентай дөңгелек түрінде иледік. Екінші ғаламшар Венера. Венера ғаламшары қара, қоңыр және ақ түсті ермексаздан жасадық. Венера Меркурий ғаламшарына қарағанда 3 есе үлкен екен. Үшінші ғаламшар Жер. Жерді көк, жасыл және сары түсті ермексаздан жасадық. Жердің дәл қасына Жердің серігі айды жасап қойдық. Ай сары түсті ермексаздан жасалды. Төртінші ғаламшар – Марс. Марс ғаламшарын сары, қызғылт сары және қара түстен тұрады. Бесінші ғаламшар – Юпитер. Юпитер ғаламшарын қоңыр түстен, ал үстінен ақ және қызғылт сары ала түсті сызықша салынды. Юпитер ғаламшары барысқа ұқсайды. Алтыншы ғаламшар – Сатурн. Сатурн ғаламшарын қоңыр және қызғылт сары ермексаздан жасадық. Сатурн Юпитерге ұқсайды, бірақ Сатурн ғаламшарының ерекшелігі оның сақинасында. Сатурн ғаламшарының сақинасы ақ түсті ермексаздан жасалынды. Жетінші ғаламшар – Уран. Уран ғаламшарын көк және күлгін түсті ермексаздан дөңгелетіп жасадық. Сегізінші ғаламшар – Нептун. Нептун ғаламшарын көк түсті ермексаздан жасадық. Сонымен оқушылар 3D форматтағы күн жүйесінің макетін жасады.

Мақсатқа жету жолында ермексаздан өз қолымен жер және ғаламшарды жасағанда мынадай нәтижеге қол жеткіздік: ғаламшар жасаған кезде оқушылардың сыртқы уәж ішкі уәжге айнала бастады. Өйткені оқушылар шынымен әр ғаламшардың атын іліп, қосымша мәлімет іздей бастады.

Сонымен тағы да бір тәжірибемізден алынған әдісті ұсынғымыз келеді. Жалпы бастауыш сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінен туындаған мәселе: бастауыш сынып оқушыларына мәтінді мазмұндау басым бөлігіне қиынға түседі. Яғни, оқушы мазмұндауды қызық көрмейді. Мазмұндауға құлшынысы жоқ. Тіпті тілге деген жек көрініс пайда болған жағдай болды.

Сол оқушыларды мазмұндауды үйретіп, қызықтырып, яғни оқушының ынтасын, сапа көрсеткішін көтеруде қойылған мақсат: Бірінші «Stop-кадр» әдісі. «Stop - кадр» әдісі арқылы оқушы мәтіннің әр сөзін түсініп оқып келе жатып, тоқтап «Stop – «Stop - кадр» әдісін қолданады. Тоқтаған соң, әр оқушы өз ойын ауызша, жазбаша жалғасын болжайды. Оқушылар мәтінді электронды оқулық арқылы, мұғалімінің оқуы немесе аудио тыңдалым арқылы мәтіннің жалғасын немесе соңын анықтайды. Бұл жерде оқушының қиялы, айтылым-тыңдалым дағдылары дамиды. Екінші «Пиктограмма» әдісі арқылы мәтінді мазмұндауды үйретуде оқушылардың қызығушылықтарын арттырдық. Кейбір оқушылар мазмұндай алмайды, бірақ елестету қабілеті жоғары, сурет өте жақсы салады. Сурет арқылы оқушылардың ойы, қиялы, сөздік қоры белсенді дамиды. Сондықтан пиктограмма әдісі оқушыны мазмұндауды үйретудің және қызықтырудың бір жолы.

Пиктограмма (лат. pictus - бейнеленген + гр. gramma – жазбаша, жазу) белгілі бір мағлұматты қарапайым графикалық түрде бейнелейтін кескіндер болып табылады. Пиктограммаға нысанмен үйлесімділік және мазмұнның танылуы тән.

Сабақ процесі және үй жұмысын орындау барысында мақсатты орындауда оқушылардың уәжін тудыру үшін тиімді жолдар:

Бастысы оқушыларға пиктограммаға қалың жеке дәптерін бастау керек. Енді пиктограмманы мұғалім тақырып бойынша мәтінді алып, тақтаға өзі үйретіп, түсіндіреді. Мұғалім тақтаға оқушылармен бірге ақылдаса отырып салады. Оқушылар пиктограмманы дәптерлеріне түсініп, көшіреді. Мәтіндегі бір сурет бірнеше сөзді немесе бір сөйлемді білдіруі мүмкін. Суреттен басқа сан, әріп болады. Келесі күндері оқушыларға пиктограмма әдісі арқылы үй жұмысына мәтін мазмұндауға беріледі. Үй тапсырмасын мазмұндап беру үшін дәптермен ортаға шығады. Пиктограмма арқылы мазмұндау 4-5 айға дейін созылуы мүмкін. Себебі сыныптың деңгейіне, оқушылардың ерекшелігіне байланысты, яғни сыныптағы барлық оқушы мазмұндауды үйренбейінше жалғасады. Пиктограмманы үйренгеннен кейін, ауызша мазмұндауға, өз пікірін айту оңайға түседі.

Мәтінмен жұмыс кезеңіндегі нәтиже бұл «Stop-кадр» әдісі арқылы оқушылардың қиялы белсенді дамиды. Ал пиктограмма әдісі арқылы оқушы ынталанып, қызық көреді. Мазмұндауды жылдам үйренді. Ең бастысы оқушылардың білім сапасыны жоғары көрсеткіш көрсетті.

Оқушыларды күнделікті қызықтырып отыру керек. 1-сынып оқушыларын сабақ процесі кезінде оқушылардың әр жетістіктерін смайлик көмегімен және ауызша бағалаймыз. 2-сыныптан бастап оқушылар бір – бірін ауызша және жазбаша бағалайды.

Кесте 2 - Әр пәннен жыл бойы оқушылардың уәжін тудыру кестесі.

1	2	3	4
Оқушылардың күнделікті уәжін тудыру тәсілдері	Оқушылардың аптасына бір рет уәжін тудыру тәсілдері	Оқушылардың тоқсан соңында уәжін тудыру тәсілдері	Оқушылардың жыл соңында уәжін тудыру тәсілдері
Үздік үй жұмыстары	Үлгілі күнделік	-Үздік оқығаны үшін -Жақсы оқығаны үшін -Бағыт бойынша өте жақсы көрсеткіші үшін	Үздік -Жақсы оқығаны үшін -Сайыс, конкурс, ғылыми-жобаға т.с.с қатысқаны үшін
Үздік өздік жұмыс	Үлгілі дәптер		
Үздік жүйпен жұмыс	Үлгілі үй жұмыстары		
Үздік топпен жұмыс	Мәнерлеп жаттау		
Ұжымдық жұмыс	Мәнерлеп оқу		
	Үлгілі математик		
	Үлгілі зерттеуші		
	Үлгілі суретші		
	Үздік көмекші		

1) Күнделікті сабақ үрдісі кезінде оқушылардың уәжін тудыру тәсілдері:

- Егер үй жұмысы ауызша болса, онда ұжым тыңдап, «Екі жұлдыз бір тілек» арқылы кері байланыс беріледі. Онда екі мақтау және бір ұсыныс, тілек айтылады. 1-сыныпта кері байланысты көбінесе мұғалім береді. 1-сыныптың 3-4-тоқсаннан бастап оқушылар бере бастайды. 2-сыныптан бастап алға жетелеу мақсатында «Бір жұлдыз екі тілек» беріледі. Бұл жерде «Бір мадақ, екі ұсыныс», яғни оқушыны алға жетелейтін тілек айтылады. Егер үй жұмысы жазбаша болса, онда мұғалім дәптерді тексергеннен кейін нақты тақырыпқа сай кері байланыс береді. Онда ең біріншіден оқушының жағымды жақтарын ескеру керек. Екіншіден оқушыға тілек, ұсыныс жазу керек. Мысалы, математика пәнінен есеп шығару кезінде формуланы білмеген жағдайда оқушы есепті дұрыс шығармаса, онда оқушыға формуланы жаттауға ұсынамыз. Оқушылардың уәжін ынталандыру мақсатында ең басты ереже ауызша және жазбаша мақтау, мадақтау және ұсыныс керек. Мысалы, Жарайсың! Математика оқулығының 2 бөліміндегі 16 беттегі, 1 формуланы жаттап ал.

Яғни ұсыныс нақты болуы қажет. Өздік жұмысы барысында әр оқушының өздік ерекшелігі бар оқушылар ескеріліп, бағаланады. Мысалы, әдебиеттік оқу пәні бойынша оқушылар мәтінді оқығанда, жарты сынып ауызша айтса, жарты сынып пиктограмма бойынша мазмұндайды. Себебі әр оқушы дара болғандықтан, бір оқушының тілдік қоры мол болса, екінші оқушының суретке қабілеті мен қиялы жоғары болады. Сондықтан әр оқушының даралығы ескеріледі.

Жүйпен жұмыста оқушылар бір-бірін тексере отырып, кері байланыс береді. Өзіміздің тәжірибемізде жүйпен жұмысты көбірек өткіземіз. Мысалы, оқушылар бір тақырыпты меңгерген соң, яғни мұғалім түсіндіргеннен кейін түсінбеген оқушыларға тақырыпты меңгерген оқушылар түсіндіреді. Бірінші мұғалім, содан жұбы, яғни, сыныптасы түсіндірсе, айтса, онда орташа оқитын оқушылардың қызығушылығы артылады. Топпен жұмыста оқушылар бір-бірін сигналды карточкалар арқылы бағалайды. Ұжымдық жұмыста оқушылар мұғаліммен бірге бір тақырыпты бағалайды, бір зерттеуге кері байланыс береді. Оқушылар зерттеуге пікірін білдіреді. Сыныпта және сынып арасында дебат, әңгіме, сайыстар және конкурстар өткізіледі.

2) Оқушылардың аптасына бір рет уәжін тудыру тәсілдері:

Күнделік арқылы оқушыларды жыл бойы сабаққа деген қызығушылықтарын арттырамыз, тудырамыз. Себебі оқушылардың күнделігі – әр оқушының күнделікті тақырыптарды меңгеруі. Яғни, оқушылардың бір апталық білім көрсеткішінің айнасы. Сондықтан күнделіктегі бір апталық бағалауды және кері байланысты бағалау арқылы оқушыларды келесі аптаға ынталандырдық. Апта бойы үздік күнделік, үлгілі дәптер, 5 күндік үй жұмысы, мәнерлеп жаттау, мәнерлеп оқу, үздік математик, жаратылыстану, дүниетану пәнінен үздік зерттеуші, көркем еңбек пәнінен үздік суретші және жалпы сабақ процесі кезіндегі үздік көмекші атағы берілді. Ең бастысы әр атаққа өзіндік критерийі берілді. Оқушылар критерийге сай қадам-қадаммен бағыттталып, дайындалып жүрді. Әр

оқушының суреті құрмет қабырғасына іліп жүрдік. Нәтижесінде әр оқушының өзіндік бағыттары көрінді. Әр оқушы өзінің бағытында жоғары көрсеткіш көрсетті. Оқушылар математикалық, гуманитарлық және шығармашылық бағытқа бөлінді. Ең бастысы оқушылар сыныптастарының қандай бағытта екенін біліп, оларға көмек беруді үйренді.

3) Оқушылардың тоқсан соңында уәжін тудыру тәсілдері:

Тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасының көрсеткіші дипломдар табысталды. Біріншісі тоқсан бойы барлық пәннен үздік оқығаны үшін. Екіншісі тоқсан бойы барлық пәннен жақсы оқығаны үшін.

Үшіншісі бір бағыт бойынша (математикалық, гуманитарлық, шығармашылық) дипломдар табысталды. Көбінесе үшіншісі орташа оқитын оқушылар болып табылады.

4) Жыл соңында оқушылардың уәжін тудыру тәсілдері:

Жыл қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасының көрсеткіші бойынша алғыс хаттар мен дипломдар табысталады. Біріншісі үздік оқығаны үшін. Екіншісі жақсы оқығаны үшін. Ал үшіншісі қалалық, облыстық сайыстарға қатысып номинация, жүлделі орын алғаны үшін. Яғни мектептің және қаланың атын шығарғаны үшін алғыс хаттарымен марапатталды.

Есентай Ерботин оқуларында Сайдуллаева Аяна мәнерлеп оқу конкурсына қатысып, «Үздік дауыс» номинациясына ие болып, диплом мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен жыл соңында білім сапасы бойынша мынадай көрсеткішке көз жеткіздік. Шығармашылық көрсеткіштері «Бізді күтер бір бақыт» атты Республикалық жас таланттар байқауына қатысып, ерекше шығармашылық даралығымен көзге түскені үшін Бердыгожина Адэль 1 орын және Қайрбек Жасұлан 1 орындармен марапатталды. Облыстық математикалық сайыста Иманбаева Малика 1-орынға иеленді. Тлеулес Айша қалалық ғылыми-жобасында 3 орын, «Зерде» қалалық конкурста 1 орын және «Зерде» облыстық конкурста 2-орынға ие болды.

Қорыта келгенде, зерттеу бойынша мынадай тұжырымға келдік – берілген тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, уәждің тиімді және тиімсіз жақтарын ескеру арқылы оқушылардың сыртқы уәжі ішкі уәжін тудырды, өйткені оқушы өзін-өзі реттеді, еркін сөйледі, өзін-өзі бақылады, әрі бағалады, өз ісіне жауап бере алды және ойын ашық жеткізіп, пікірін дәлелдей алатындығын, оқушының бойындағы креативтілікті байқадық. Яғни оқушының пән бойынша оқуға деген белсенділігі артты, шығармашылығы пайда болып, дамыды, жаңа ақпаратты белсенділікпен түсінді.

Сонымен, оқушының білімге құштарлығы, ынтасы артты, ол білімге бейім, яғни оқушы ізденімпаздыққа тәрбиеленді. Ал сынып жетекшісі, пән мұғалім үшін шәкірттерінің пәнге, тақырыпқа, жалпы оқу процессіне қызығушылық танытып, зерттеудің көмегімен оқушылардың уәжделуіне көз жеткіздік.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімов А.Қ. *Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану [Мәтін]. Оқу құралы / А.Қ. Әлімов Асхат Қамзаұлы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.*

ISBN 978-601-7417-48-2.

2. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» *Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016 жыл. – 170 бет.*

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, *Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Бейнелеу өнері» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2015 жыл. – 180 бет.*

4. <http://collegu.ucoz.ru/publ/2-1-0-15513>

5. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» *Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Үлестірме материалдар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016 жыл. - 423 бет.*

6. Мұғалімге арналған нұсқаулық, *Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2015 жыл. – 188 бет.*